

"Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жануарларды ұстау Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 36/7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 9/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 желтоқсанда № 7656-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жануарларды ұстау Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 36/7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3346 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жануарларды ұстау Қағидаларының 3-тармағының 2) және 3) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"2) жануарлар – омыртқалы жануарлар;

3) қараусыз қалған жануарлар – ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес жануарлардың иелері (жеке және занды тұлғалар) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы уақытылы хабарлайды және ауру деп құдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолданады".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК